«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:
«А.Жан-Нұр» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: А.Абдуллаева

# 2024-2025 оқу жылындағы «Құралай» ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекетінің Переспективалық жоспары

Тәрбиеші: Ыстықбаева М
Уразалиева Н

2024-2025жж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024– 2025оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қыркүйек 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | **Негізгі қимылдар**:<br>**Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; |
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>**Келесі дағдыларды қалыптастыру:**<br>1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Келесі дағдыларды жетілдіру:**<br>1) байланыстырып сөйлеу;<br>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;<br>**Оқу, әңгімелеу.**<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби |

| | | |
|---|---|---|
| | | шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>**2) театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:**<br>-түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу;<br>**3) адамгершілік нормалары туралы түсінік**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>- ересектерменжәнеқұрдастарыменқарым-қатынас; |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>**Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту:**<br>сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз)<br>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру.<br>«Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)<br>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді) |
| | Математика негіздері | **Жиын**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршаған ортамен таныстыру | **Бала, оның отбасы, үйі:**<br>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).<br>Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. |
| | **Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | | **Заттық сурет салу.**<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Келесі біліктерді қалыптастыру:әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту |
| | | **Заттық мүсіндеу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. |
| | | **Заттық жапсыру:**<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>1) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;<br>көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнеріментаныстыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.<br>**Ән айту** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық си\патына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>**Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>**Ойындар, хороводтар.**<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024- 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қазан 2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Қазан | Дене шынықтыру | **Тепе-теңдікті сақтау.** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; **Жүгіру.** Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; |
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, дауысты және дауыссыз (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, ү, ұ, і, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қоршаған ортадағы жанды, жансыз табиғат туралы түсінік беру.<br>**Сөздік қор.**<br>«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету;<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, ай, түн, жаңбырлы, бұлтты, сарғаяды)<br>«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан,<br>қауын, қарбыз, дәрумендi)<br>Көкөністердің атауларын бекіту, «Қайда?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беруді үйрету. «І», «Қ», «Ұ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (бұрыш, шалқан, қырыққабат, асқабақ, сарымсақ, бақшада, өседі, жинайды)<br>Апта күндерімен танысу. Балаларды жатқа айтуға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **(**Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма**,** Сенбі, Жексенбі) |
| | Математика негіздері | **Сан, санау**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| | Қоршағанортаментаныстыру | **Заттық әлем**<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, |

| | | |
|---|---|---|
| | | теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру |
| | **Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру**<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. |
| | | **Заттық сурет салу.**<br>Жеке заттардыжәне бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша ара-қатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | | **Заттық мүсіндеу**<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру:<br>2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету; |
| | | **Заттық жапсыру:**<br>текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнеріментаныстыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау** (Ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Билер.** Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. **Ойындар, хороводтар**<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 - 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қараша2024 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Қараша | Дене шынықтыру | **Еңбектеу, өрмелеу.** 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>**Секіру.** Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; |
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | **Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту:** ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. |
| | Қазақ тілі | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән қ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Тірек сызбасымен жұмыс істей отырып сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Қ», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Қаймақ, ірімшік, жұмыртқа, күріш, балық, сорпа)<br>Ұлттық тағамдар атауларымен таныстыра отырып «Азық-түлік» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; Ұлттық тағамдардың пайдасы туралы мәлімет беру. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>Ыдыстардың атауымен таныстыру, сөздік қорларын толықтыру; «Мынау не?», «Неше?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Ы», «Қ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (табақ, ожау, кәстрөл, ожау, таба, шелек) көліктер атауларымен таныстыру; сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. «Қандай?», «Не істейді?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру мүмкіндіктерін бекіту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. (Көлік, ауа көліктері, су көліктері, жер көліктері, жеңіл машина, қайық, жүреді, қала, көше, бағдаршам, гүлзар, саябақ)<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. |
| | Математика негіздері | **Сан, санау**<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. |
| | Қоршағанортаментаныстыру | **Байланыс және қозғалыс құралдары**<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>**Жолда жүру ережелері**<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.<br>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету. |
| | **Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** | **Қағаздан құрастыру**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | | **Заттық сурет салу.**<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. |
| | | **Заттық мүсіндеу.**<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.<br>**Сюжеттік мүсіндеу.**<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Заттық жапсыру:**<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>**Сәндік жапсыру.**<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнеріментаныстыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.<br>**Ән айту.** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>**Билер.** Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 - 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**желтоқсан 2024 жыл

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| Желтоқсан | Дене шынықтыру | **Лақтыру, домалату, қағып алу.** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); |
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | **Сөздік қор**<br>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен |

| | | |
|---|---|---|
| | | сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және<br>сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән қ, ғ ы дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қыс тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; байланысты тілді дамыту; сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «Қ», «Ы», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (қыс айлары, аяз, қырау, боран, желтоқсан, қаңтар, ақпан, сырғанақ, шана, коньки)<br>Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Рәміздерді жатқа айтуға тәрбиелеу. (Елтаңба, рәміздер, мұз айдыны, жаңа жыл, мереке, ақшақар, сыйлық)<br>«Мынау не?» «Неше?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. |
| | **Математика негіздері** | **Шама**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |
| | **Қоршағанортаментанystыру** | **Менің Отаным – Қазақстан**<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, |

| | | |
|---|---|---|
| | | айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. |
| | **Құрастыру**<br><br>**Сурет салу**<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру** | **Қағаздан құрастыру**<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. |
| | | **Заттық сурет салу.**<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). |
| | | **Заттық мүсіндеу**<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Сюжеттік мүсіндеу**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | | **Заттықжапсыру:**<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>**Сюжеттікжапсыру:**<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>**Сәндікжапсыру.**<br>Геометриялықпішіндерденою-өрнектердіжәнежолақтағыөсімдікөрнектерінхалықтықөнертүрлерібойыншабірізділіғінескереотырыпқұрастырудағдыларынқалыптастыру. Қазақхалқыныңсәндік-қолданбалыөнеріментаныстыру. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына |

| | | |
|---|---|---|
| | | дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.<br>**Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Билер.** Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 - 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қаңтар 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Дене шынықтыру | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің<br>болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына<br>сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен<br>құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. «Қ», «І», «Ү» , «Ы» дыбыстарының айтылуын үйрету. (төлдер, құлын, лақ, күшік, үреді)<br>тақырып бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту; «Ғ», «І», «Ө», «Ү» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Жабайы құстар, құстар, тоқылдақ, торғай, қарға, қонады) |
| | Математика негіздері | **Шама**<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоршағанортаментаныстыру | **Еңбекке баулу**<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б.<br>Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның, шопанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. |
| | **Құрастыру**<br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** | **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру**<br>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | | **Заттық сурет салу.**<br>Балалардың табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>**Сюжеттік сурет салу:**<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | | **Заттық мүсіндеу** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Сюжеттік мүсіндеу**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**Сәндік мүсіндеу:**<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | | **Заттық жапсыру:**<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сюжеттік жапсыру:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту<br>**Сәндік жапсыру**<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | Музыка | **Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.<br>**Ән айту.** Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;<br>**Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау** Таныс әндерді орындауда балаларға арналған |

| | | |
|---|---|---|
| | | әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 - 2025 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:**« А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы ЖШС
**Тобы:** «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:**ақпан 2025 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Ақпан | Дене шынықтыру | **Кеудеге арналған жаттығулар**<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.<br>**Аяққа арналған жаттығулар**<br>Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі |

| | | |
|---|---|---|
| | | жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. |
| | **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | **Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).<br>ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. |
| | Қазақ тілі | **Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің<br>болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына<br>сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен<br>құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br>Тақырыпқа байланысты сөздермен таныстыру; «Мынау не?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; «І», «Һ», «Ө», «Ү», «Қ», дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (жиһаз, айна, керуерт, сөре, жат, отыр) |
| | Математика негіздері | **Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). |

| | | |
|---|---|---|
| | **дидактикалық ойыны**<br>**Міндеті:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету анализаторларды қолдана отырып, сенсорлық дағдыларды дамыту (есту, көру, кинестетикалық, заттарды функционалды мақсатына қарай топтастыру, жалпылама сөздерді таңдау, визуалды есте сақтауды дамыту, зейінді дамыту. Заттарды түсі бойынша топтастыру дағдысын дамыту; Құрдастарының достық қарым-қатынасын тәрбиелеу.<br>1) баланың алдында саяхатқа шығатын пойыз және олар барлық жолаушыларды өз вагондарына отырғызу қажет. Бала карточканы алып, түсін атайды және сол түсті вагонға салады.<br>2) бала қақпақтарды тиісті вагонға бұрайды (немесе тәрбиешінің ауызша нұсқауы бойынша көк қақпақты жасыл вагонға бұрайды);<br>3) бала дөңгелек, | Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. Барысы. Балалар әртүрлі ұшу аппараттарының схемалық суреттерін салады, құрылыс материалынан ұшу аппаратын құрастырады (ғимараттарды талдау, іс-әрекеттегі демонстрация). **(құрастыру*)***<br><br>**"Төртінші артық" дидактикалық ойыны.**<br>**Міндеті:** балалардың сүт өнімдері туралы білімдерін бекіту. Карточкада 4 өнімнің фотосуреттері бар, олардың тек біреуі ғана сүт емес. Оны тауып, атау керек. **(Математика негіздері)** | ұсыныңыз. Құрылыс аяқталғаннан кейін суреттерге ұқсастық тұрғысынан ғимараттарды талдау; беріктік, пайдалану ыңғайлылығы; ерекше, конструктивті шешімдердің өзіндік ерекшелігі, үйлесімділік. **(құрастыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын "Пингвинді белгілі бір түс балықпен тамақтандыр"**<br>**Міндеті:** визуалды және тактильді есте сақтауды, зейінді, логикалық ойлауды, сөйлеуді, ұсақ моториканы дамыту. Гүлдердің атауларын бекіту және түсті жұпты таңдау мүмкіндігі; Сандық санауды үйренуді жалғастыру; Бір - бірден қосуға және алуға үйрету;<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші балаларға балықты тамақтандыруды және түсініктеме беруді, өз әрекеттерін айтуды ұсынады.<br>1. Пингвинді 1 қызыл және 1 сары балықпен тамақтандыр (түстерді ауыстыру)<br>2. Қызыл (сары, жасыл, көк ) үш балықты ал. Пингвинге бір балық бер, оның қанша бөлігі қалды? (Сол сияқты, біз 3 шегінде біреуін қосамыз және алып тастаймыз).<br>3. Балықты кез-келген түс тізбегіне орналастыр және сандық есепті айтуға үйрет: | **Үстел-үсті ойыны картотека №30 «Түрлі-түсті домино»**<br>**Міндеті:** балаларға балалар доминосын ойнау ережелерін үйрету, қажетті түсті таңдаудың маңыздылығын көрсету, түстердің дұрыс атауын үйретуді жалғастыру.<br>**Қажетті заттар:** 28 дана балалар доминосы, онда суреттердің орнына квадраттар әртүрлі түстермен боялған (олардың 7 түрі болуы керек).<br>**(математика негіздері)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тікбұрышты, үшбұрышты пішінді деп атау;<br>4)сандарды вагондардың реті бойынша орналастыру;<br>5) жабайы жануар қай вагонға мінетінін анықтау.<br>**(математика негіздері)** | | Бірінші қызыл балық (сары, көк, жасыл);<br>Екінші қызыл балық (сары, көк, жасыл);<br>Үшінші қызыл балық (сары, көк, жасыл); **(Математика негіздері)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **«Тілге бойлау» бағдарламасы ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**<br>Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.<br>**Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру, аяқтың ұшымен жүру.<br>2. Б. қ. – аяқты алшақ қойып, қолды төменде,<br>1 - қолды алға созамыз.<br>2 - қолды жоғары көтереміз.<br>3 - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет)<br>3. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып,<br>«Сағаттың тілі»<br>1 - оңға иілеміз<br>2 - солға иілеміз<br>Бірнеше рет қайталаймыз. (5 - 6 рет)<br>4. Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4 - 5 рет)<br>5. «Қарлығаш» болып ұшамыз<br>6. «Қоян» сияқты секіреміз.<br>7. Жай жүру, дем алу. **(Дене шынықтыру**)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. | | | | |
| | **Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың, | **Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Наурыз**<br>Жыл басы – Наурыз мереке,<br>Ақ нұрға әлем боянды.<br>Наурыз тойы береке<br>Тіршілік жаңа оянды!<br><br>Жылдың басы Наурыз,<br>Жердің басы Наурыз.<br>Мерекеге арналсын<br>Бүгінгі жыр-әніміз.**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Наурыз**<br>Елім менен жеріме,<br>Ырысын шашқан Наурыз.<br>Күлімдеген көктемге,<br>Шуағын шашқан наурыз.<br><br>Жеті түрлі дән салып,<br>Дәм татқызған наурыз.<br>Жақсылық тілеп халыққа,<br>Молшылық әкелсін наурыз. | **Наурыз**<br>Наурыз айы келгенде,<br>Күн шуағы шашылып.<br>Жылғалардан су ағып,<br>Ақ әжелер құлпырып.<br>Наурыз көже пісіріп,<br>Қонақтарға тартамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Наурыз тойы**<br>Көктем келді, балақай,<br>Жасарды жер, алақай.<br>**Наурыз** тойын тойлайық,<br>Әсем әнге салайық.<br><br>**Наурыз** тойы — тамаша,<br>**Наурыз** тойы — жаңаша.<br>Табиғат та тамаша,<br>Тамылжып тұр жараса. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>**Ән айту.** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Билер.** Би қимылдарын, | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.<br>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.<br>Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>**Музыка тыңдау**. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).<br>**Ән айту.** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br>**Билер.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пенептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жаса | ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пенептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**«Наурыз»**<br>**Міндеті:**Қазақтың ұлттық мерекесіне байланысты сөздермен таныстыру, Наурыз | пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жаса | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мерекесіне қатысты өлең, тақпақ үйрету. Балалардың Отан сүйгіштік сезімдерін ояту. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Наурыз мейрамы, ұлттық тағамдар)<br>**Сөздік минимум:**<br>Наурыз, көже, ұлттық<br>Түрлі-түсті суреттер<br>**"Көрпені безендірейік" дидактикалық ойыны**<br>**Міндеті:**<br>балалардың түсіне назар аудара отырып, үлгі жасау дағдыларын бекіту. Үлгіні өз бетінше орналастыру дағдысын қалыптастыру. Балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту.<br>Ойын үшін" көрпе "-үлгілер, бос" көрпе", түрлі-түсті асықтар қолданылады. Балаға ұсынылған үлгіге сәйкес түрлі-түсті асықтарды қою ұсынылады, содан | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | кейін сіз "көрпе"үшін үлгіні өзіңіз ойлап табуды ұсынады. | | | |
| | **Дидактикалық ойын: «Сәуленің дастарханы»** **Міндеті:** Ұлттық тағамдарымыздың атауларын білуге, дастархан мәзірін жасай алуға үйрету, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру. Көрнекілік: ұлттық шаңырақта жасалған дастархан мәзірі, ет, сут, ұн тағамдарының түрлері, Сәуле қуыршақ, ұлттық ыдыстар, дөнгелек үстел, дастархан, ши талшықтары. Ойын шарты: Сауленің қонақтарға арналған дастарханы. 1. Сәуле қонақтарға қандай тағамдар әзірледі? 2. Сәуле қонаққа неше адам шақырды? 3. Тосыннан екі қонақ келсе, оларға арнап не нәрсе қою керек? 4. Ши талшықтарымен есептеп шығу керек.**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**"Таңғы асымызды** | **Дидактикалық ойын «Сүт тағамдары»** **Міндеті:** Балаларға сүт өнімдері туралы ақпарат беріп қадірлеуге тәрбиелеу. Сүт өнімдерін құрметтеуге үйрету. **Көрнекілік:** Сүт өнімдерін суреттегі көрсетілген карточкалар бойынша топтастыру. **Ойын шарты**: Сүт тағамдарын атау, олар қайдан алынады, оларды жеке-жеке топтастырып айту **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Адам қандай жануарлардың сүтін ішеді"дидактикалық ойыны.** Бұл ойынның мақсаты: | **Дидактикалық ойын «Ойлан, тап»** **Міндеті:**ойлау және талдау қабілетін дамыту. 1. Олар қыста ұшады, көктемде келеді. 2. Біздің көптен бері досымыз, сөйлейтін даусы бар. Ол қардан пайда болды, күн сәулесімен шалшыққа айналды!<br><br>**«Наурызды қалай қарсы алады?»** Сурет бойынша әңгіме құрастыру **Мақсаты:** дыбыстарды автоматтандыру (д), (т), (п), (р), (ж), есту зейінін жетілдіру, сөйлеудің интонациялық мәнерлілігін тәрбиелеуге ықпал ету. ұлттық тұрмыстық заттармен таныстыруды жалғастыру, тұрмыстық заттар мен табиғи ортаның мақсатын түсінуге үйрету. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Жайлау»** **Міндеті:** | **Дидактикалық ойын: «Ұлттық ыдыс аяқ турлері»** **Міндеті:**Ұлттық ыдыстардың аттарын атай, оларды толықтыруға қажетті құралдарды тапқызу, ыдыстардың жалпы және жеке атауларын меңгерту, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру. **Көрнекілік:** ұлттық ыдыстар түрлері (келі, келсап, күбі, піспек, торсық, шәйнек, қазан-ошақ) **Ойын шарты:** ыдыстардың аттарын атай отырып, ажыратып толықтыру. Оларда қандай тағамдар дайындалатының және сақталатындығы туралы әңгімелеп. Олар неден жасалған екендігі туралы айтқызу. **Қысқаша мағлұмат:** Келімен бидай түйіп, келсаппен бидайды қауызынан айырып талқан дайындайды, күбімен бие сүтін құйып піспекпен пісіп қымыз әзірлейді, қаймақ шайқап май әзірлейді. Торсыққа қымыз, айран толтырып жолға, сапарға шыққанда аттын қанжығасына байлап алады, онда сут өнімі салқын күйде сақталады, шөлдегенде сусын қандырады. **(Қоршаған ортамен** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бояйық"**<br>**Міндеті:** Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Интерактивті тақтада балаларға суреттерді көрсету-джем мен кептірілген жемістердің көмегімен дәстүрлі таңғы ас (ботқа, сүзбе) әшекейлерін бейнелейтін мысалдар. Бұл идеялар көңілді, мерекелік таңғы ас үшін әр күн үшін емес екенін түсіндіру. Үйде, анасымен бірге таңғы асты осылай бояуды ұсыну. Балалардың тәбетін арттыру, тамақ дайындау туралы идеяларды дамыту, балалардың тамақ дайындау процесіне қызығушылығын сақтау.<br>**(Сурет салу)**<br><br>**Фетрадан жасалған дидактикалық ойын "Сорпа мен компот қайнатамыз"**<br>**Міндеті:** балаларды "сорпа" және "компот" | балалардың адам сүтін жеуге болатын жануарлар туралы білімдерін жүйелеу. Бұл ойын өте қарапайым: ұсынылған жануарлардың фотосуреттерінен адам сүтін іше алатындарды ғана таңдау керек. Сондай-ақ, бұл жануарды атап, ол туралы айту керек.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Сүтке арналған құты»**<br>**Оригами**<br>Міндеті:<br>Сәндік жапсыру<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық | Сәндік жапсыру<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.1.Квадратты диагональ бойынша екіге бүктеу. Бұл үшбұрыш болды.<br>2.Біз үшбұрышты жоғары бұрышқа орналастырамыз. Үшбұрыштың негізінде біз ортасын тауып, оңға бұрышты жоғары, содан кейін солға бүгеміз.<br>3.Жасыл тіктөртбұрыштан сабақты бүктеу.<br>4.Басқа жасыл тіктөртбұрышты екіге бөліп, қызғалдаққа арналған екі жапырақты кесу.<br>Өзіндік жұмыс.<br>Енді әркім өз қызғалдағын алып, біздің жайлауға жабыстырады.<br>**(жапсыру)** | **таныстыру)**<br><br>**«Жаңбырдан кейінгі шалшық су»**<br>**Міндеті:** Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау, ертегі бейнесінің негізгі ерекшеліктерін мүсіндеуге үйрету; **(Мүсіндеу)**<br><br>**Дидактикалық ойын:"Су асты әлемі"**<br>**Міндеті:**балалардың су асты әлемінің тұрғындары туралы білімдерін бекіту. Балаларды су астындағы тұрғындардың пішінін, түсін, құрылымының ерекшеліктерін мұқият қарастыруға үйрету. Малевкада көп қырлы композиция жасауға үйрету. Ұсақ моториканы дамыту. Балалардың сөздігін белсендіру.<br>**Ойын барысы:** тәрбиешімен бірге балалар теңіздер мен мұхиттарда кім тұратынын есіне алады, дене құрылымы мен түсін нақтылайды. Содан кейін макияжда балалар су асты әлемінің бейнесін жасайды, заттарды көп қырлы етіп орналастырады. Чипті қызықты сурет алған бала алады, ол су асты әлемінің суретін жасау | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаңа ұғымдарымен таныстыру, балалармен көкөністер мен жемістердің аттарын қайталау, оларды топтарға бөлу қабілетін бекіту**.** **Міндеттері:** балаларда ұсақ моториканы және саусақтардың қимылын үйлестіруді дамыту, танымдық қызығушылық пен табандылықты тәрбиелеу, балаларды көкөністерді жемістерден ажыратуға, ойлауды, зейінді, есте сақтауды дамытуға үйрету. Сөздік қорын, есте сақтау қабілетін, сөйлеуді дамыту**.** **Ойынға арналған материал:** фетрадан тігілген матамен қапталған қалың картонға құмыра мен кастрюль, оларға жемістер мен көкөністер бейнеленген 12 карточка. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Кішкентай құрттар»**<br>Міндеті:<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік | қиялды дамыту. **(Жапсыру)**<br><br>**Тақырыбы: «Себелеген ақ жауын»**<br>**Міндеті:** Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау, ертегі бейнесінің негізгі ерекшеліктерін мүсіндеуге үйрету; **(Мүсіндеу)** | | үшін көптеген бөлшектерді қолданады. **(Сурет салу)**<br><br>**Дидактикалық ойын**: **«Тамшыларды стаканға жина»**<br>**Міндеті:** біртекті және түрлі түсті заттарды салыстыру операциясы арқылы заттарды түсі бойынша ажыратуға үйрету, түстерді ажырату бойынша практикалық әрекеттерді қалыптастыру.<br>Материал: 4 негізгі түсті түрлі-түсті шыныаяқтар, түрлі түсті шеңберлер.<br>Материал: жапырақтары бар сабақтар, түрлі-түсті жапырақшалар бейнеленген карталар.<br>Ойын барысы: балаға әр түрлі түсті жапырақшалар беріп, гүлдің ортасына бірдей түсті жапырақшаларды қалай салуға болатындығын көрсету. Барлық жапырақшаларды жинауды сұрау. Әдемі гүлдер! Енді түрлі-түсті орталықтарға салу. **(Жапсыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін сақтау. **(мүсіндеу)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал-жас өрен.**<br>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)<br>Егер сендер серуендегілерің келсе,<br>Тез киінулерің керек.<br>Шкафтың есігін ашыңдар,<br>Тәртіппен киініңдер!<br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, біз бірінші кезекте не киеміз?<br>Балаларға реттілікпен киінуді айтады. **(қазақ тілі***)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Көк шөпті бақылау**<br>Мақсаты: Көктем мезгілінде шыға бастаған көк шөп туралы түсінік беру. Көктем мезгіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту.<br>**Сұрақ – жауап:**<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінің | **Бақылау: Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:**Бұлттар неден пайда болатынын, олар туралы түсінік беру.<br>**Сұрақ-жауаптар:**<br>1.Аспаннан не көріп тұрсыңдар?<br>2.Жел болғанда бұлттар не істейді?-Желмен көшеді. | **Сауысқанды бақылау**<br>**Міндеті:** сауысқанның пайда болуы, оған тән белгілері, дағдысы туралы идеяларды қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау қажеттілігін тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Мен барлық жерде ұшамын, | **Аула сыпырушы еңбегін бақылау К-№9**<br>**Мақсаты:** аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балаларға түсінік беру. Аула сыпырушының еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз**<br>Қолына киіп қолғапты, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай ерекшелігі бар екен?<br>- Дала қандай түске ене бастады?<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Жұмбақ шешейік:**<br>Аяқтың асты көкпеңбек,<br>Жұлма оны көп екен деп.<br>Даламызға сән берер,<br>Оның аты.... (шөп)<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Еңбек**: Алаңда шашылып жатқан бұталарды жинау.<br>**Мақсаты**: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(Еңбек қызметі)<br>**Қимылды ойын: № 5 «Жапалақтар»**<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жаңылтпаш айтып үйренейік.**<br>Көп көкек, көкектеп,<br>Көктем келді,<br>Көкек кеп.<br>**Өзіндік іс-әрекеті:** балалар қалауы бойынша іс-әрекеттер. | 3.Бұлттар қандай болады?-Ақ мақтадай ақ болады.<br>4.Бұлттар түнергенде не болады? -Жауын жауады.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз:**<br>Суырды көкте қылышын<br>Нөсерлі қара төнді бұлт.<br>Асыға үйге енді жұрт,<br>Ақырды жерге долы бұлт.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Еңбек**: аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын: К-№ 10 «Пойыз»**<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс:** | Мен әлемдегі барлық нәрсені білемін.<br>Мен ормандағы әрбір бұтаны білемін.<br>Мүмкін мені сол үшін<br>Орман газеті деп атайды.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br>Сауысқан қалай көрінеді?<br>Ол не жейді?<br>Қалай дыбыстайды?<br>Сауысқанның көп лақап аты бар: Сауысқан-ақ бүйрек, сауысқан-сақылдақ, сауысқан-ұры.<br>«Ақ бүйрек» дейтін себебі сауысқан қауырсындарының бүйірі ақ түсті. Басы мен қанаттары қара. Құйрығы да қара, мұрны өте әдемі, жасыл реңктері бар, жебе тәрізді ұзын және түзу. «Сақылдақ» дейтін себебі бір жерден екінші жерге ұшып бара жатқанда «ғақ-ғақ!» деп дыбыстайды. Қатты сақылдау арқылы сауысқан жергілікті тұрғындарды қауіп туралы ескертеді. Ал «ұры» дейтін себебі оның жарқыраған затты жақсы көретіні, ұясына алып кететіні үшін осындай атқа ие болды.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Сауысқан құрт, шыбын- | Ауланы ағай сыпырды.<br>Тазалап қарды мұздарды,<br>Бәрімізге ол жол ашты.<br>**(Көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Еңбек:** Аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу.<br>Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.<br>**(Еңбек әрекеті)**<br>**Қ/қозғалыс ойыны: «Қоян» К-№9**<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>**Жеке жұмыс**: «Кім алысқа секіреді?»<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | геометриялық пішіндерді қайталау.<br>**Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау. | шіркей, қоңыз, жәндік және масалармен қоректенеді.<br><br>**Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Еңбек қызметі:** күзгі жапырақтарды жинау<br>**Мақсаты:** еңбек тапсырмаларын қуана орындауға үйрету.<br>**Қимылды ойындар: «Қарға мен күшік», «Допты ұста».**<br>**Мақсаты:** құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету;<br>**(Дене шынықтыру**)**<br>Допты екі қолмен ұстау.<br>Жеке жұмыс қозғалыстарды дамыту<br>**Мақсаты:** бір аяғымен, қолымен белбеуімен тепе-теңдікті сақтауға үйрету | | |
| **Серуеннен оралу** | **Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** | | | | |
| **Түскі ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Еңбегі адал—жас өрен**<br>**Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже: | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Күндізгі ұйқы** | **Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Тамақтанғаннан кейін мен балаларға дәретхана бөлмесіне баруды ұсынамын.<br>**Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін сіздермен жақсы ойнадық, жаттығып, серуендедік, енді сіздермен бірге демалып, жаңа ойындар мен білім алу үшін күш алатын уақыт келді. Балалар, орындықтарыңды алыңдар, оларды кілемге қойып, шешініңдер. Сендердің барлықтарың киімізді орындықтарға қалай қою керектігін есте сақтадыңдар ма?<br>Балаларға орындықтарға тәртіппен киімдерін шешуге, кезекшілерге көмектесуге кеңес беріледі.<br>**«Сиқырлы жол» ойыны.**<br>Шарты: Массаж төсеніштерінен ақырын, шуламай өту.<br>«Сиқырлы жолмен» өткен балалар төсектерге жақындайды, төсектерін мұқият ашып, жатып, қалған балаларды күтеді.<br>Балаларға төсекке ыңғайлы жатуға, көрпенің үстіне қолдарын қоюға көмектесу. **(дене шынықтыру**)**<br>**«Жұлдызша» ойыны**<br>Балалардың назарын бүгін жақсы ұйықтайтындарына, себебі жастықтың астына кішкентай жұлдыз келеді, ол сендердің тілектеріңді орындайды дейді.<br>«Жұлдызша» ойынынан кейін мен балаларға төсектерінде ыңғайлы жатуды ұсыну.<br>- Ал, ертегі уақыты келді. Барлықтарың көздеріңді жұмыңдар, тыңдаңдар және ұйықтаңдар.<br>Мен орындыққа отырамын және «Үш аю» ертегісін оқимын. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка***)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(дене шынықтыру**).** |
| **Бесін ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мен жақсы тамақтандым,<br>Сергекпін, күштімін.<br>Көңіл күйім көтеріңкі,<br>Өзімді жақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)**<br><br>**(Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама)** | **Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жуғыш заттар бөлімі»**<br>**Міндеті:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру,қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету.<br>Керекті құрал-жабдықтар: сөрелер,таразы, касса, ақша, жуғыш заттар.<br>Шарты: Күнделікті үйде қолданатын ыдыс,қол киімдер жуатын заттарды алуға бару, Бірі жүргізуші, бірі анасы және баласы болып ойнау.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Өнер орталығы**<br>«Наурыз көжеге арналған тағамдар»<br>Мақсаты:<br>Сюжеттік сурет салу: Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>**(Сурет салу)** | **«Экологиялық соқпақ» вариативтік бағдарламасы (Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: "Помпонды тәпішке"**<br>**Міндеті:** шымшуды дамыту (бала пластилиннің бір бөлігін үлкен жолақтан жұлып алуды үйренеді), екі қолдың қозғалысын үйлестіру (помпон-допты алақан арасында айналдыру); модельдеудің негізгі техникалық әдісін үйрету — допты алақан арасында айналдыру; қиялды дамыту; сөздікті белсендіру: "тәпішке", "помпон".<br>**Қажетті заттар**: картондағы сурет- | **Сюжетті-рөлді ойын: «Ойыншықтар дүкені»**<br>**Міндеті:** Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау.Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету.<br>**Керекті құралдар:** сөрелер,сатушы, ойыншықтар,касса,ақша,сатып алушылар.<br>Шарты:Сатушы және бала,сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау,бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Өнер орталығы**<br>«Сүттен жасалған березен» Қазақ халқының сүт өнімдерімен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**(Мүсіндеу)** | **«Ұлттық қазына» Вариативтік бағдарламасы Қазақ тілі педагогінің жоспары бойынша (қазақ тілі***)**<br><br>**«Керуен»**<br>**Міндеті:**Сюжеттік мүсіндеу.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**(Мүсіндеу)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасыл түсті екі тәпішке; қызыл түсті пластилин. Ойын барысы. Балаға сурет көрсету-екі тәпішке —: "анасы бұл тәпішкелерді қызына беруді шешті. Бірақ олар өте әдемі емес. Оларды безендіруге тырысайық. Қандай тәпішке болуы керек екенін тыңдайық: Анам тәпішке сатып алды. Мен қызыма сыйлық бердім. Тәпішке жасыл, Қызыл помпондармен. Қызының тәпішкесінде не болды? (Қызыл помпондар.) осы жасыл тәпішкеге де қызыл помпондар жасайық. Қызыл пластилиннің үлкен жолағынан кішкене бөлікті жұлып алып, одан допты айналдырыңыз (доп жасау үшін пластилинді алақаныңыздың | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | арасына дөңгелек қимылмен қалай айналдыру керектігін көрсетіңіз). Бізге екі шар керек, өйткені бізде "екі тәпішке"бар. Шарлар дайын болған кезде, оларды сурет салуға бекітіңіз тәпішке және бас бармағыңызбен аздап басыңыз. Өз жұмысыңызға таңданыңыз: "жақсы помпон тәпішкелері". **(Мүсіндеу)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Тәрелкедегі ірімшік»** жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды түрлі тәсілдермен қиюды үйрету. **(жапсыру)** | қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді үйрету. **(Сурет салу)** | Райана екі затты ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыруға үйрету; **(математика негіздері)** | ЖанияДайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруге үйрету. **(Мүсіндеу)** | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру*)*** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру*)*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру)**<br><br>**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы**«Шертпек»<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.<br>**(дене шынықтыру**)** | **ортамен таныстыру)**<br><br>**Ұлттық ойын-ұлт қазынасы** «Белбеу соқ»<br>Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып, екіншісін қууға тиіс. Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады. Егер қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады.**(Дене шынықтыру**)** | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы** «Домино»<br>Мақсаты: балалардың қызығушылығын,ептілігін арттыру.<br>Керекті заттар: Ойынға арналған тақтай, сандары бар кубик, таяқшалар, асықтар.<br>Шарты: Кубикті тастап бір саны түссе, бала 1 асықты, 2 саны түссе 2 асықты таяқшамен ұяшыққа салады. Қайсы бала көп асық жинаса сол бала жеңімпаз деп есептелінеді.<br>**(дене шынықтыру**)** | **Ұлттық ойын-ұлт қазынасы** «Бәйге» ойыны<br>Мақсаты: балалардың қол жылдамдығын, ептілігін арттыру.<br>Керекті заттар: Ойынға арналған сандары бар бәйгелер<br>Шарты: жіпті атрту арқылы жылдам мәреге жету. | |
| **Серуеннен оралу** | **Еңбегі адал-жас өрен.**<br>**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және** | **Әжелер мектебі.**Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі )**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка****)**<br>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. **(жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **басқалар)** | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | **Өнегелі 15 минут. Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**<br>Ата-аналарға ересек топтағы "көктем" лексикалық тақырыбы бойынша «Үйде ойнаймыз» ұсыныстары |

**Әдіскер:** **А.Усенова**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2024-2025 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** « А.Жан-Нұр» бөбекжай-бақша ЖШС
**Топ**: «Құралай» ересек тобы
**Балалардың жасы**: 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 26.03-28.03.2025 жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі 26.03.2025 | Бейсенбі 27.03.2025 | Дүйсенбі 28.03.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | **Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Күй күмбірі** - балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. | | | | |
| | **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | | | **Өнер орталығы «Шалғындағы үйрек" қағаздан құрастыру**<br>**Міндеті:** Қағаздан көлемді үйрек фигурасын жасау. өз қолымен қағаздан ойыншық жасауды үйрету; Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, | **«Домбыра»**<br>**Міндеті:** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымы таныстыру.Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа | **«Балға мен шеге»**<br>**Міндеті:** Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру)**<br><br>**Үстел-үсті ойыны «Түс бойынша жұп құр»**<br>**Міндеті:** ұқсас сенсорлық қасиет негізінде жұптарды таңдау мүмкіндігі; визуалды қабылдауды дамыту.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру)**<br><br>**Үстел-үсті ойыны картотека №32 «Тышқанды жасыр»**<br>**Міндеті:** 4 негізгі түстің атауын ажырата білуге үйрету-қызыл, сары, жасыл, көк.<br>**Қажетті заттар:** қағаз парақтары 4 түсті (20-15), ортасында тышқан (тышқан үйі) салынған Ақ шаршы (8-8), сол 4 түстің квадраттары-есіктер (10х10), үлкен картон ойыншық - мысық, әр балаға жұмсақ тышқан-түрлі-түсті парақтар 10х8, ақ квадраттар оларда 5х5, түрлі-түсті квадраттар.<br>**(Математика негіздері)** | тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. **(Құрастыру)**<br><br>**Үстел-үсті ойыны «Суретті түсіне қарай таңда»**<br>**Міндеті:** негізгі 4 түсті білімдерін бекіту, визуалды қабылдауды дамыту.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға, мысалы, сары шеңбері бар қақпақты көрсетеді, оның түсі қандай екенін сұрайды және балаларға бірдей түсті тақырыптық суретті таңдауды ұсынады. Содан кейін жасыл шеңбері бар қақпақты көрсетеді, балалар түсті атайды, сонымен қатар суретті таңдайды.<br>**(математика негіздері)** | түрлі-түсті шеңберлері бар қақпақтарды қарастыруды ұсынады, түсін атауды сұрайды. Содан кейін балаларға бірдей түсті шеңберлердің жұптарын алуды ұсынады. **(математика негіздері)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **«Тілге бойлау» бағдарламасы ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**<br>**Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>5. «Сыпырғыш» - Бірінен соң бірі сапқа тұрып бағытты өзгертіп жүру. «Шапалақ» - Бытырап жүгіру.<br>2. Сапта аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.<br>3. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды артқа - алға тербеп, жан - жақтан көтеру, оған қарап, ақырындап орнына түсіру. (6 - 7 рет қайталау) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Оңға бұрылып, қолды артқа созу, оған қарап, бұрынғы қалыпқа қайта келу. Соны сол қолмен қайталау.<br>(2 - 3 рет қайталау)<br>5. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолды алдыға созып, шынтақты бүгеді,<br>«насос» ұстағандай түру. Машинаның дөңгелегін ауаға толтырғандай алға, төменге еңкею, өз қалпына келу.(5 - 6 рет қайталау)<br>6. Аркаға жатып, дене бойымен қолды созу. Аяқты кеудеге тартып, тізеден қолмен шапалақтау, өз қалпына қайта келу.(5 - 6 рет қайталау )<br>7. Түзу тұрып, қолды белге қою. Бір орында тұрып, секіру. (4 - 5 рет қайталау)<br>8. Сапта тұрып бірінен соң бағытты өзгертіп жүру. **(Дене шынықтыру**)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Мақсаты:** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. берілген тағамды толық ысырыпссыз жеуге, мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. | | | | |
| | | | **Көркем сөз:**<br>**1. Су, су, менің бетімді жу,**<br>Көздер жарқырап,<br>иектер қызарғанша,<br>Аузымыз күлгенше,<br>тісіміз тістегенше.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br>**Бата**<br>Аумин десең | **Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Жылы сумен жуыңыз.<br>Жуу, жуу,жуу, жуу – жуу-жуу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br>**Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Балалар кітапханасы» жобасы**<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | | | **Көмек Ыбырайұлы**<br>**ҚАЗЫ – ҚАРТА, ЖАЛ – ЖАЯ**<br>Дәмді тамақ қандай, ә!<br>О, қазағым,<br>жарадың!<br>Қазы -қарта, жал – жая,<br>Сенің ұлттық тағамың.<br>Құпиясын біл қазір,<br>Бар ма қояр сұрағың?<br>Дайындалар бұл мәзір<br>Жылқы етінен,<br>шырағым!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Абдрахман Асылбек**<br>**«Қобыз»**<br>Күйші бала өзінің<br>Қысып ұстап қобызын,<br>Міне, былай...<br>Күй тартқанда керемет,<br>Сызылта бір созып үн:<br>Игай, игай!<br>Игай, игай!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Бейсебай Кірісбаев**<br>**«Балға»**<br>Таңдап алған ыңғайлы<br>Балғам мені тыңдайды.<br>Күнде бір уақ қолға алып,<br>Бұлшық етті шыңдаймын.<br><br>Балғам істің әрдайым<br>Талғамайды қандайын.<br>Босап қалса шегелер,<br>Соғады кеп маңдайын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша** | | | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, | **Музыка**<br>**Міндеті**:<br>**Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Спорттық жаттығулар<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | солға бұрылу. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға | шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). **Ән айту.** Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. **Билер.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, | Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жаса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жаса | атрибуттармен би қимылдарын орындау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.** Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. | |
| | | | **Дидактикалық ойын «Қазақстанда мекендейтін -үй құстарын дала құстарынан ата және орналастыр, олардың мекенін атап, ерекше қасиеттерін тап.»** **Міндеті:** Балаларды суреттегі көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін, қандай ерекше қасиеттерін білетіндерін сұрау. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. **Көрнекіліктер:** дидактикалық ойын шартына арналған | **Дидактикалық ойын: «Ұлттық музыкалық аспаптар»** **Міндеті:** Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру. **Көрнекілік:** ұлттық аспаптардың түрлері (аса таяқ, сыбызғы, шаң қобыз, домбыра, қобыз, жетіген) **Ойын шарты:** балаларға аспаптардың аттарын атай білу, оларды айырып топтастыру. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем | **Дидактикалық ойын: «Егіншілікке-ауыл шаруашылыққа қажетті құрал-саймандарды ата»** **Міндеті:** Шаруашылыққа қажетті құралдардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсініп білу, талаптылыққа, еңбекке, алғырлыққа баулу. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. **Көрнекіліктер:** хат қалта, еңбек құралдар топтамасы, дидактикалық ойын шартына арналған карточкалар. **Ойын шарты:** балаларға құрал-саймандардың атауын айту, олардың пайдасы, қолдану әдісі, іс-қимылмен олармен жұмыс істеу шараларын келтіру не істеп жатқандарын баяндап айту. Егіншілікке, шөп шабуға арналған құралдарды жеке топтастыру, ағаш кесуге, шабуға, жекелеуге, оны жұлуға арналған құралдарды жеке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
